



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 20-11/146 от: 25.03.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

19.01.2017ж. № ДЗ-2

Құрметті депутаттар!

Сіздің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – БЖЗҚ) қызметіне қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

БЖЗҚ-ның меншікті активтерді басқару жөніндегі қызметін заңнамалық деңгейде реттеуге және салымшылардың ұжымдық мүдделерін білдіретін органды құруға қатысты

БЖЗҚ-ның қызметі БЖЗҚ-ның функциялары, міндеттері мен құқықтары тікелей айқындалған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) реттеледі. Осыған байланысты БЖЗҚ мәселелері бойынша жеке заңды әзірлеу орынсыз болып табылады.

Заңда БЖЗҚ-ның меншікті қаражаты ұғымы айқындалған және зейнетақы активтерінің және БЖЗҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз етуге арналған БЖЗҚ-ның меншікті қаражатының анық бөлінуі көзделген.

Заңның 36-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің консультативтік-кеңесші органы болып табылатын және құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банктің өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, сондай-ақ кеңес мүшелерінің жалпы санының отыз пайызынан саны кем болмайтын тәуелсіз сарапшылар кіретін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) жұмыс істейтінін атап өткен жөн. Кеңестің функциялары зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі ұсыныстарды дайындау, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет туралы есепті қарау болып табылады.

Сонымен қатар, мүдделі тараптармен өзара тиімді іс-қимылды, халықтың көкейіндегі сұрақтарды барынша қамту, азаматтық қоғамның зейнетақы жүйесі жөніндегі пікірлерін зерделеу мақсатында, 2017 жылғы қаңтарда тәуелсіз консультативтік-кеңесші орган – БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес құрылды. Осы

кеңестің құрамына сарапшылар, қоғамдық ұйымдардың мүшелері, салымшылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кірді. Осы шара жұртшылықтың БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратқа толық қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталды, бұл БЖЗҚ қызметінің және жалпы алғанда зейнетақы жүйесі жұмыс істеуінің айқындылығын бірнеше мәрте көтеретін болады.

Осылайша, қазіргі кезде БЖЗҚ салымшыларының ұжымдық мүддесін білдіретін екі консультативтік-кеңесші орган бар.

БЖЗҚ инвестициялық стратегиясын Ұлттық Банк деңгейінде ғана емес, сондай-ақ қатар Үкімет деңгейінде отандық экономиканы дамыту міндеттерін көрсете отырып әзірлеуге қатысты

Заңның 35-бабының 2-1-тармағына сәйкес инвестициялау бағыттары бойынша ұсыныстарды, БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін айқындау бойынша ұсыныстарды әзірлеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес (бұдан әрі – ҰҚБК) жүзеге асырады. Өз кезегінде, БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді («Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 149 қаулысы (бұдан әрі – Тізбе).

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін басқаруды ҰҚБК айқындайтын инвестициялау бағыттары шеңберінде ғана және Тізбеге сәйкес жүзеге асырады.

Тізбе, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 10 ақпанда өткен кеңейтілген отырысында берілген Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері төмендегі қаржы құралдарына:

- бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;
- шетелдік нарықтарда инвестициялау үшін шетел валютасына;
- экономиканың нақты секторын қаржыландыру үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің негізделген облигацияларына;
- шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау үшін екінші деңгейдегі банктердің негізделген депозиттеріне инвестицияланды.

Жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша зейнетақы активтерін инвестициялау нарықтық мөлшерлемелер бойынша қайтару негізінде жүзеге асырылды. Алынған қаражатты банктер айналым капиталындағы шағын және орта бизнесті кредиттеуге және «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 168 қаулысымен бекітілген) шеңберінде бұрын берілген қарыздарды қайта қаржыландыруға жібереді.

Өз кезегінде квазимемлекеттік ұйымдар Қазақстан экономикасы үшін маңызды жобаларды қаржыландырады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп зейнетақы жүйесін реформалау бойынша ұсыныстарды пысықтады.

БЖЗҚ-ның 2016 жылғы инвестициялық кіріс бойынша комиссиялық сыйақының көлемі мен мөлшерлемесіне қатысты

БЖЗҚ-ға зейнетақы активтерін біріктірген сәттен бастап БЖЗҚ-ның комиссиялық сыйақы мөлшерлемесі жеке жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы мөлшерлемелерімен салыстырғанда екі еседен аса төмен болды.

БЖЗҚ инвестициялық кірістен алынатын комиссиялық сыйақысының 2016 жылға арналған мөлшерлемесі 5,25 % мөлшерінде белгіленді.

БЖЗҚ-ның 2016 жылғы комиссиялық сыйақысының мөлшері зейнетақы активтерінен 16,1 млрд. теңгені және инвестициялық кірістен 42,4 млрд. теңгені қоса алғанда, 58,5 млрд. теңге болды.

БЖЗҚ-ның 2016 жылдың қорытындылары бойынша есептелген инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақысы Ұлттық Банк Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 185 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақыны өндіріп алу қағидаларына сәйкес есептелді.

БЖЗҚ 2016 жылғы қаңтардан бастап желтоқсан аралығындағы кезеңде инвестициялық кірістен есептеген комиссиялық сыйақы 2015 жылғы қарашадан бастап 2016 жылғы қазан аралығындағы кезеңде алынған инвестициялық кірістен есептелді және шекті мөлшерлемелерге сәйкес келеді.

Ұлттық Банктің Басқармасы БЖЗҚ-ның меншікті қаражатының сақталуын бақылауды күшейту мақсатында 2017 жылғы қаңтарда БЖЗҚ-ның меншікті активтері портфелінің инвестициялық бөлігін Ұлттық Банкке сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдады.

Шоттары жоқ немесе шоттары бар, бірақ оған тұрақты жарна салмайтын жинақтаушы зейнетақы жүйесінің нақты қатысушылары болып табылмайтын Қазақстан азаматтарының санына қатысты

«Азаматтарға арналаған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» ҰАҚ филиалы – «Әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есеп орталығы» Дирекциясының ресми деректері бойынша 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары пайдасына енгізілген және жинақтары бар салымшы/алушы ашқан жеке зейнетақы шоттарының жалпы саны, зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлердің шоттарын есепке ала отырып 9380059 болды.

Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылған экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың үлесі шамамен 70 % немесе 5 млн. адам (күш құрылымдарының қызметкерлерін қоспағанда) болды.

Сонымен қатар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны 2016 жылы 2,2 млн. адам, оның ішінде 0,9 млн. адам зейнетақы жарнасын аударады. Осылайша, халықтың осы санаты бойынша зейнетақы жүйесін қамтығаны шамамен 40 %.

Анықтама үшін: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2017 жылғы 1 қаңтарда экономикалық белсенді халық шамамен 9 млн. адам болды.

Уәкілетті мемлекеттік орган (Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі) статистиканы зейнетақы жүйесі қамтыған азаматтар бойынша ғана жүзеге асыратындығын атап өткен жөн.

Жұмыспен қамтылған халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қамтуын арттыру үшін 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Заңда міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілердің тізбесі (оның ішінде Қазақстаннан тыс жерлерде жұмыс істейтін тұлғалар есебінен) кеңейтілді.

Қосымша, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 841 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында бюджеттен төлемдерді қоса алғанда, зейнетақы төлемдерінің барлық түрін есептеу үшін еңбек стажын БЖЗҚ-ға енгізілген зейнетақы жарналарының саны негізінде есептеуге көшу көзделеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ведомстволық бағынысты ұйымдармен және БЖЗҚ-мен бірлесіп тұрақты негізде Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы жарналарын жүзеге асыру маңыздылығы бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізеді.

Азаматтардың қолындағы зейнетақы жинақтары мен оларды зейнетақымен қамсыздандыру үшін қажет болатын қаражат арасындағы арақатынасқа қатысты

Болашақта зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін БЖЗҚ қаражатының жеткіліктілігіне қатысты ДС қағидаты (белгілі бір жарналар) бойынша құрылған жинақтаушы зейнетақы жүйесі қаржылық тұрғыдан орнықты болып табылады: салымшылар өздерінің еңбек кірістерінен зейнетақы жарналарын енгізу және инвестициялық кіріс алу есебінен өздерінің еңбек жолында қанша ақша жинақтаса, сонша ақша алатын болады. БЖЗҚ-дан төлемдер салымшының шотындағы сома біткенге дейін жүзеге асырылады. Әрбір жеке салымшының қолда бар зейнетақы жинақтары мен төлем мөлшері арасындағы арақатынас оның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу ұзақтығына, жүйеге енгізген зейнетақы жарналарының сомасына, жинақталған инвестициялық кіріске және жалақының өсу қарқындарына байланысты.

Зейнетақы жинақтарын жаппай төлей бастаған сәттегі БЖЗҚ қаражатының болжамды тапшылығына қатысты

Төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражаттың тапшылығы ортақ жүйеге тән, онда төлемдер ағымдағы түсімдер есебінен қаржыландырылады. Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін БЖЗҚ-да қаражаттың тапшы болуы мүмкін емес, сондықтан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтарын түгел төлегенге дейін салымшы енгізген зейнетақы жарналарының есебінен жүзеге асырылады. Осы үшін белгілі бір жарналары бар жинақтаушы құрауыш 1997 жылы Қазақстанның жаңа зейнетақы жүйесі үшін негіз ретінде таңдалды.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев